



**ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

“БЕКІТЕМІН”

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университеттің
Басқарма мүшесі-академиялық
мәселелер жөніндегі проректор
Кудышева А.А.
2022ж.



2022-2023 оқу жылында қабылданған

**«7М01503-ИНФОРМАТИКА ПЕДАГОГІН ДАЯРЛАУ»
білім беру бағдарламасының**

КӘСІПТІК ПРАКТИКА



БАҒДАРЛАМАСЫ

Шымкент 2022

Ф 7.05-10

Кәсіптік практика бағдарламасы «7М01503-Информатика педагогін даярлау», Білім беру бағдарламасы (Ғылыми кеңес № 1 хаттамасы, 31.08 2022ж.) негізінде дайындалды.

Құрастырған:

Информатика кафедрасының меңгерушісі  Сулейменова Л.А.
Информатика кафедрасының п.ғ.к., доцент  Нурмуханбетова Г.К.


Бағдарлама «Информатика» кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

№ 1 хаттама, « 24 » тамыз 2022ж.


Кафедра меңгерушісі  Сулейменова Л.А.

Факультет кеңесінде қаралып, бекітуге ұсынылды.

№ 1 хаттама, « 31 » 08 2022ж.

Факультеттің оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты  Егембергенова М.Ы.

КЕЛІСІЛГЕН

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры  Жылысбаева А.Н.

КӘСІПТІК ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

- 1 Кіріспе
 - 1.1 Оқу үрдісінде кәсіптік практиканың орнын анықтау
 - 1.2 Кәсіптік практиканың мақсаты мен міндеттері, оқу нәтижесі
 - 1.2.1 Педагогикалық практика (бейіндік бағыттағы магистратура БББ үшін өндірістік практика)
 - 1.2.2 Зерттеу практика
 - 1.3 Білім алушының практика өту нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктері (білу, істей алу, меңгеру)
- 2 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру, басқару және өту тәртібі
 - 2.1 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру
 - 2.2 Практика базалары
 - 2.3 Практика жетекшісінің міндеттері/құқықтары (кафедра атынан, кәсіпорын атынан)
 - 2.4 Кәсіптік практиканы өту мерзімінде білім алушының міндеттері/құқықтары
- 3 Кәсіптік практиканың мазмұны
 - 3.1 Практиканы тақырыптық жоспарлау
 - 3.1.1 Педагогикалық практика
 - 3.1.2 Зерттеу практика
- 4 Кәсіптік практиканың қорытындысы бойынша тапсырылатын құжаттар
- 5 Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Кіріспе

Магистранттардың кәсіби практикасы жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағытындағы негізгі білім беру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады. Кәсіби практика «7М01503-Информатика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бағыты бойынша кәсіптік оқытудың маңызды құрамдастарының бірі болып табылады.

Бұл теориядан алған білім мен дағдыларды күнделікті кәсіби қызметке көшірудің тиімді механизмі. Оқыту жүйесінде негізгі элемент бола отырып, кәсіби тәжірибе магистранттарға кәсіби таңдаудың дұрыстығын тереңдетуге, оқу үрдісінде алынған теориялық білімдерді меңгеруге, болашақ мамандықтың кәсіби маңызды қасиеттерін анықтауға көмектеседі. Ұйымның бірегей мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқу үдерісінде магистранттардың білімін және дағдыларын нақты салалардың жағдайына бейімдеуге болады.

Кәсіби практика магистранттардың оқу үрдісінде алған теориялық және практикалық білімдерін кеңейтуге және нығайтуға, таңдаған білім беру бағдарламасында практикалық дағдыларды игеруге және жетілдіруге және болашақ кәсіби қызметке дайындалуға бағытталған. Бұл магистранттың оқып-үйренуінің белсенді жеке түрі, оның барысында жеке жоспарлар мен тапсырмаларға негізделі отырып, өз бетінше жұмыс істеу дағдылары жасалады.

1.1 Оқу үрдісінде кәсіптік практиканың орнын анықтау

Кәсіби практиканың басталу және аяқталу күні академиялық күнтізбеге, жұмыс оқу жоспарына және білім беру бағдарламасына сәйкес магистранттардың кәсіби тәжірибелерін өткізу кестесінде белгіленеді.

№	Практика түрі	Кредит саны	курс	семес тр	Кредит бойынша практика ұзақтығы (апта)
1	Педагогикалық практика	5	1	2	8
2	Зерттеу практикасы	10	2	4	10

1.2 Кәсіптік практиканың мақсаты мен міндеттері, оқу нәтижесі

1.2.1 Педагогикалық практика

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасының жалпы мақсаттарына сәйкес магистранттардың

педагогикалық практикасының мақсаты кәсіби-педагогикалық қызметтің практикалық білік пен дағдыларды ала отырып, оқу орнында (оның ішінде жоғары мектебі) педагогикалық еңбекке мотивацияны нығайту болып табылады.

Педагогикалық практикаға қойылатын талаптар:

1) мынадай:

- психологиялық-педагогикалық зерттеулердің негізгі әдістері туралы;
- психологиялық-педагогикалық зерттеулерді жобалау және жүргізудің теориялық негіздері туралы түсінігі болуы тиіс;

2) мыналарды:

- білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызмет негіздерін және, неғұрлым тәжірибелі әріптестерден кеңес ала отырып, қолдануды;
- білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру принциптерін және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістерін білуі тиіс;

3) мыналарды:

- нақты кәсіби жағдайларда тұлғалық таңдауды жүзеге асыра білуі керек;
- неғұрлым тәжірибелі әріптестерден кеңес ала отырып, білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылық қызметін жүзеге асыра білуі керек;
- оқу-тәрбиелік мақсаттарды, сабақ түрлерін анықтай білу, білім алушылардың оқу қызметін әр түрлі ұйымдастыру түрлерін пайдалану; оқу қызметінің тиімділігін бағалау, бақылау түрін таңдау және диагностикалауды қолдана білуі;

4) мыналарды:

- ғылыми-зерттеу қызмет нәтижелерін бағалау және ұйымдастыру әдістері мен технологияларын;
- білім беру бағдарламаларының іске асыру дағдыларын;
- ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарының негіздерін: дағдыларын құрылымдау және ғылыми білімнің оқу материалына психологиялық тұрғыдан сауатты түрлендіру, оқу және тәрбие міндеттерін жүйелеуді;
- есептерді, жаттығуларды, түрлі тақырыптар бойынша тестілерді жасау әдістері мен тәсілдерін, пәндік материалдарды ауызша және жазбаша баяндауды, түрлі білім беру технологияларын меңгеру тиіс.

Практика қорытындысы бойынша есеп:

Педагогикалық практика қорытындысы бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша есеп, күнделік және практика жетекшісінің практикадан өту туралы пікірі негізінде жүргізіледі. Практика жетекшісі пікірінде педагогикалық қызметінің дағдылар қалыптасуын, орындалатын жұмысына, практикасына жауапкершілігін бағалайды (жауапкершілігін дәрежесі, дербестігін, шығармашылығын, қызығушылығын және т. б.). Есеп практика кезінде нақты орындалған жұмыстар бойынша мәліметтерді қамтуы тиіс.

1.2.2 Зерттеу практикасы

Магистранттың зерттеу практикасының отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін

зерттеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін практикада қолдану, диссертациялық зерттеудегі эксперименттік деректерді өңдеу мен интерпретациялау дағдыларын бекіту мақсатында жүргізіледі.

Зерттеу практикалардың мазмұны диссертацияның тақырыбымен анықталады.

Зерттеу практикасын өту барысында магистрант өз бетінше 4-5 реферат (әрбір көлемі кемінде 50-бет) дайындау қажет. Есеп келесі мәселелерді қамтуы тиіс:

- отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық жетістіктерін;
- отандық және шетелдік ғылымның жаңа әдіснамалық жетістіктерін;
- отандық және шетелдік ғылымның технологиялық (инновациялық) жетістіктерін;

- ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану, эксперименттік деректерді компьютерных технологияларды қолдана отырып өңдеу мен интерпретациялауды.

Зерттеу практикасына қойылатын талаптар:

1) маманның:

- озық ғылыми әдістерінің және оларды педагогикалық проблемаларды зерттеу кезінде қажетті деңгейде пайдаланудың мүмкіндіктері туралы;
- ғылыми-зерттеу, инновациялық қызмет саласындағы кәсіптік оқыту туралы түсінігі болуы тиіс;

2) маман:

- бастапқы алғышарттар тұжырымын, бастапқы тұжырымдамасын, зерттеу тақырыптын таңдау негізін, мақсаттары мен негізгі міндеттерін; әдеби іздеу әдістерін, жарияланған зерттеудегі мәселе бойынша деректерді жинақтау және жүйелеу, сондай-ақ оларды конспектілеу, қысқаша мазмұн жасау және мәселелерді ғылыми жетекшісімен талқылауды;

- білім беру үрдістерін қазіргі жағдайы мен даму болашағын, кәсіптік оқыту мекемесінің қызметінің ерекшеліктерін;
- педагогикалық үрдістердің зерттеу әдістерін;
- ғылым мен оқыту технологияларының жетістіктерін, кәсіби білім беру саласындағы озық отандық және шетелдік тәжірибелерді білуі тиіс.

3) маман:

- ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметі барысында туындайтын міндеттерді тұжырымдау мен шешуді, сонымен қатар қажет ететін тереңдетілген кәсіби білімін пайдалануды;

- нақты зерттеу міндеттерін негізге ала отырып, қажетті зерттеу әдістерін, қолданыста бар әдістерді модификациялау және жаңа әдістерін әзірлеу таңдай білу;

- әдебиеттегі деректерді ескере отырып алынған эксперименттік нәтижелерін өңдеуді, талдауды және ұғынуды;

- қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың көмегімен библиографиялық жұмыстарды жүргізуді;

- қазіргі заманғы редакциялау мен баспаны тарта отырып қойылатын талаптарға сәйкес орындалған жұмыстар қорытындысын есеп, реферат, мақала түрінде беруді;

- пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін жасауды;

- оқу сабақтарының барлық түрлерін тиімді ұйымдастыруды меңгеруі тиіс;

4) маман:

- ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу;

- ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін шетел тілін қажетті көлемде меңгере отырып пайдалану дағдыларын меңгеруі тиіс;

5) ғылыми қызметін жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүргізуге құзыретті болуы тиіс.

Практика қорытындысы бойынша есеп:

Зерттеу практика қорытындысы бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша есеп, күнделік және практика жетекшісінің практикадан өту туралы пікірі негізінде жүргізіледі. Практиканың бастапқы кезеңде ғылыми жетекшісі өз пікірінде зерттеу қызметінің дағдылар қалыптасуын, орындалатын жұмысына, практикасына жауапкершілігін бағалайды (жауапкершілігін дәрежесі, дербестігін, шығармашылығын, қызығушылығын және т. б.).

Магистрант-практиканың жүргізілген практика сапасын бағалау критерийлері:

1. Жүргізілген практиканың жалпы бағалауы практикаға қойылатын бағалау көрсеткіштер балдардың арифметикалық ортасынан шығарылады,

2. Егер орташа балл барлық позициялар бойынша:

3,5 - жалпы қорытынды: жүргізілген практика ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес емес;

3,6-3,9 - жалпы қорытынды: ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес жүргізілген практика қанағаттандырады;

4,0-4,5 - жалпы қорытынды: ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес жүргізілген практика толық көлемінде қанағаттандырады;

4,6-5,0 - жалпы қорытынды: жүргізілген практика біліктілікке және ЖОО-ғы білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сай болып табылады.

1.3 Білім алушының практика өту нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктері (білу, істей алу, меңгеру)

Кәсіптік практика тәжірибелік сабақтар нәтижесінде қалыптасқан құзыреттілік түрлерін қамтиды:

Кадрларды даярлау	Практика түрі	Компетенция	Кәсіптік қызмет
-------------------	---------------	-------------	-----------------

	бағытының шифры атауы			саласы
1	7M01503- Информатика педагогін даярлау	Педагогикалық практика	идеяларды әзірлеу мен қолдану кезінде бастауыш білім беру саласындағы дамытылатын білімдерді зерттеу контексінде игергенін көрсетеді бейстандарт жағдайларды, кәсіби және басқарушылық мәселелерді шешуде өз білімін пәнаралық контексте шығармашылықпен пайдаланады;	ЖОО
2	7M01503- Информатика педагогін даярлау	Зерттеу практикасы	Информатика білім беру саласында оқуды одан әрі жалғастыру үшін пәнаралық білімдерін саралап, интергациялайды академиялық адалдық мәдениетін ұстана отырып, мәтінге ғылыми-сараптамалық баға береді.	ЖОО

2 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру

Ғылыми және педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы магистранттардың практикалық даярлауды (педагогикалық және зерттеу практикаларды, сондай-ақ кәсіби (ғылыми) тағылымдаманы) көздейді.

Міндеті: Магистр кәсіптік даярлау жүйесінде педагогикалық практика маңызды рөл атқарады. Бұл университеттегі оқу процессінің ажырамас бөлігі және магистранттарды кәсіби оқытушылық қызметке бейімдеудің бастапқы тәжірибесі болып табылады. Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл жағдайда магистранттар бакалавриатта сабақ жүргізуге тартылады.

3 Кәсіптік практиканың мазмұны

Кәсіптік практика түріне байланысты тақырыптық жоспарлануы жазылады.

4 Кәсіптік практиканың қорытындысы бойынша тапсырылатын құжаттар

Педагогикалық практикадан соң білім алушылардан мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:

№	Талап етілетін құжаттар	Бағалау
1	Педагогикалық практиканың жұмыс жоспары	20
2	Күнделік	30
3	Дәріс сабағына талдау	10
4	Практикалық сабағына талдау	10
5	Білім алушының практикадан өту есебін қорғау хаттамасы	10
6	Есеп	20
Барлығы		100 балл
Зерттеу практикадан соң білім алушылардан мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:		
1.	Зерттеу практикасының жұмыс жоспары	20
2.	Күнделік	30
3.	Зерттеу практикасының есебі	30
4.	Білім алушының практикадан өту есебін қорғау хаттамасы	20
Барлығы		100 балл

5. Пайдаланылатын әдебиеттер:

5.1. Негізгі әдебиеттер:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 8-қосымшасы. Астана, 2018.
2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі №521 бұйрығына қосымша
3. Громкова М.Т. Психология и педагогика профессиональной деятельности: учеб. пособие. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 415 с.

2. Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования: учеб. пособие. – М.: Академия, 2001. – 272 с.

3. Попков В.А., Коржув А.В. Теория и практика высшего профессионального образования. – М.: Академический проект, 2004. – 432 с.

6. Кәсіптік практика бағдарламасына 20__ / 20__ оқу жылында енгізілген қосымшалар мен өзгертулер:

1. _____

2. _____

3. _____

және т.б.

Кәсіптік практика бағдарламасы қайта қаралып, енгізілген өзгертулер _____ кафедрасының мәжілісінде қаралды « ____ » _____ 20__ ж. Хаттама № _____

Кафедра меңгерушісі _____ Сулейменова Л.А.
Енгізілген өзгертулермен келісіді:

Факультеттің оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты _____ Егембергенова М.Ы.